

**Шахтинск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 6 сәуірдегі III сессиясының № 792/3 "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының V шақырылған XXVIII сессиясының 2014 жылғы 9 шілдедегі N 1047/28 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 шілдеде № 2698 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2024 жылғы 14 маусымдағы № 341/11 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 14.06.2024 № 341/11 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шахтинск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 6 сәуірдегі III сессиясының № 792/3 "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы" шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-8-112 тіркелген, 2012 жылғы 1 маусымдағы "Шахтинский вестник" газетінде № 22 жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

- 1) Тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерінің 15-тармағы алынып тасталсын;
- 2) Тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерінің 16-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"16. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін өтініш беруші Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген, тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерінің 4-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы  
Мәслихат хатшысы

Ж. Мамерханова  
Ә. Сатова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК